



## 2025 жылғы қаңтар-сәуірдегі әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері



-Ұлттық статистика бюросының болжамды деректеріне сәйкес, еліміздің 2025 жылғы қаңтар-сәуірдегі әлеуметтік-экономикалық дамуының алдын ала қорытындылары.

Биылғы төрт айдың қорытындысы бойынша ЖІӨ өсімі 6%-ды құрады. Экономиканың негізгі салаларында: көлікте (22,4%), саудада (7%) даму қарқынының артқаны

көрсеткіші 6,1%-ға дейін өсті. Бірқатар өңірлер: Түркістан облысы – жемістерді, көкөністерді, фармацевтикалық тауарларды сататын кәсіпорындар есебінен 60,4%; Ақмола облысы – астықты, тұқымдарды және мал азығын сататын кәсіпорындардың арқасында 44%; Шымкент – дизель отынын, фармацевтикалық тауарларды, қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарды сататын кәсіпорындар есебінен 19,8%-ға жоғары өсімді көрсетті.

\*\*\*  
-Өнеркәсіпте өндіріс индексі 6,4% жетті. Өсім тау-кен секторында – 7,1%, атап айтқанда көмір өндіруді ұлғайту есебінен (11,2%) байқалып отыр. Өңдеу өнеркәсібінде көрсеткіш 7,2% құрайды, оның ішінде тамақ өнімдерін өңдеу (12%), темекі өнімдерін (26,3%), химиялық өнімдерді өндіру (11,2%) және

машина жасау (11,2%).

\*\*\*  
-Ауыл шаруашылығы оң динамиканы көрсетуде. Жалпы өнім индексі қаңтар-сәуір

байқалады. Өсім ауылшаруашылығы (3,9%) және байланыс (2,6%) салаларында да тіркелді.

\*\*\*  
-Көлік саласындағы өсім саланың жалпы көлеміндегі үлестері тиісінше 20,5% және 19,6%-ды құрайтын темір жол және құбыр көлігімен жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтер көлемінің ұлғаюы есебінен қамтамасыз етілді. Жоғары динамика Түркістан (21,8%), Жамбыл (11,2%) және Абай (14,9%) облыстарында тіркелді.

\*\*\*  
-Құрылыс саласында нақты жұмыс көлемінің индексі 16,2%-ды құрады. Сонымен қатар құрылыс кезеңін ескере отырып, жұмыстарды орындау қарқынын арттыру және жобалар құнының өсуіне жол бермеу үшін жергілікті жерлерде қажетті үйлестіруді қамтамасыз ету тапсырылды.

\*\*\*  
-Сауда саласы бірінші тоқсандағы 6,3%-ға қарағанда 7% тұрақты өсуді көрсетті. Көтерме сауда көрсеткіші 7,4%-ға, бөлшек сауда



айларында 3,9%-ды құрады. Үкімет Президенттің еліміздің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларының сапалы іске асырылуын бақылауда ұстайды.



### «Қазақстан-БАӘ» бизнес-форумының жабылу салтанаты өтті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Абу Дабидің Тақ мұрагері шейх Халед бен Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян «Қазақстан - БАӘ» бизнес-форумының жабылу салтанатына қатысты.

Президенттің айтуынша, келіссөздер барысында тараптар сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге ниетті екенін растады. Бүгін қол қойылған құжаттардың жалпы сомасы 5 миллиард долларға жуық. Бұл экономиканың негізгі секторларын қамтитын коммерциялық келісімдер серік-

үндеседі. Сондықтан біз серіктестерімізге қолайлы жағдай жасауға ниеттіміз», деді Президент.

Мемлекет басшысы Біріккен Араб Әмірліктерінің бизнес қауымдастығы өкілдеріне Қазақстанда ЭЫДҰ халықаралық стандарттары мен қағидаттарына сай жүргізіліп жатқан экономикалық реформалар жөнінде айтты. Осы орайда шетелдік инвесторларға, соның ішінде БАӘ компанияларына жүйелі әрі жедел көмек беру үшін құрылған Инвестиция тарту жөніндегі кеңес жұмысы туралы мәлімет берді.

«Энергетика, логистика,



тестік аясын кеңейтуге септігін тигізеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев аталған уағдаластықтардың толық жүзеге асырылуына екі елдің бизнес және корпоративтік сектор өкілдері елеулі үлес қосатынына сенім білдірді.

«Біріккен Араб Әмірліктері – еліміздің Шығанақ аймағындағы жетекші сауда және инвестициялық серіктесі. Бүгінге дейін экономикамызға 4,3 миллиард доллардан астам инвестиция құйды. БАӘ-нің 2031 жылға дейінгі даму стратегиясы біздің инновация, өнеркәсіпті дамыту және әртараптандыру бағытындағы ұлттық басымдықтарымызбен

қаржы, интеллектуалды технологиялар, ауыл шаруашылығы және тағы да басқа түрлі салада ынтымақтастығымызды кеңейтуге мүмкіндік мол. Masdar, Presight, Abu Dhabi Ports, Terminal Holdings және Abu Dhabi Commercial Bank секілді серіктестерімізбен бірге жүзеге асырып жатқан маңызды жобалар өзара ықпалдастықтың қарқын ала түскеніне айқын дәлел. Осы және басқа да бастамалар екі жақты қарым-қатынастың дәйекті әрі тиімді дамып келе жатқанын көрсетеді», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Созақ үні»-ақпарат.





леріміздің қажыр-қайраты, батылдығы, төзімділік пен Отанға деген шексіз махаббатының жемісі. Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға амандық пен бақ-береке тілеймін, – деді Ертай Кенжебекұлы.

Сондай-ақ, аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков тәуелсіздік тұғырының берік, еліміздің еңсесі биік болуы–батыр бабалардың ұлы ерліктерінің заңды жалғасы екенін атап өтіп, ардагерге деген шынайы құрметін жеткізді.

Айтулы мереке қарсаңында ардагер Мырзахмет Жы-

## ҚАРТ МАЙДАНГЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ертай Алтаев Сызған ауылына арнайы келіп, аудандағы сұрапыл соғыстың соңғы майдангері, ғасыр жасаған қария Мырзахмет Жылысбаевты Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейтойымен құттықтады.

–Тарихтағы ең алапат майданда бейбітшілік орна-

туға біздің батырларымыз ерекше үлес қосты. Солардың арасында сіз де барсыз. Біздің ержүрек ардагерлеріміздің ерліктері– ұрпақтың мәңгілік мақтанышы. Сіздер қан майдандағы жанқиярлық батырлығыңыз арқылы елімізге тыныштық, болашаққа үміт сыйладыңыздар. Бұл Жеңіс–ардагер-

лысбаев көрсетілген ілтипатқа ризашылығын білдіріп, ақ батасын берді.

Шара барысында жас сақшылар сап түзеп, патриоттық көріністер мен әсерлі әндер орындалып, жиналған жұртшылықтың жүрегіне ерекше әсер сыйлады.

## ТЕБІРЕНТКЕН ХАТ ЖАЗДЫ

Созақ даласы — тарихтың үнсіз шежіресі. Осы өңірде, Қозмолдақ ауылында ғасыр жүгін арқалаған бір ғана майдангер қалды. Ол – Мырзахмет Жылысбаев. Жасы жүзге таяса да, жанары нұрлы, жүрегі ел деп соққан, бүкіл саналы ғұмырын білім мен тәрбие ісіне арнаған ұлағатты ұстаз. Ұлт руханиятына еселі үлес қосқан, ел есінде мәңгілік сақталатын асыл азамат.

Жуырда осы ардагер қарияның үйіне ерекше қонақ келді. Аққолтық ауылындағы Ш.Уалиханов атындағы мектептің 1-сынып оқушысы, 6 жасар Түйеші Жігер Бекжанұлы. Ұстаздар әулетінде тәрбиеленіп жатқан балапан жүрегімен жазған хатын майдангер атасына өз аузымен оқып берді. Саф алтындай мөлдір сөздермен өрілген хатын тыңдаған Мырзахмет ата

тебіреніп, көзіне жас алды. Ол жас ұрпақтың ізгілігіне, елжандылығына риза болып, аталық ақ батасын берді.

Жігердің жазған хаты – бейбіт өмірде өсіп келе



жатқан ұрпақтың шынайы ықыласы мен алғысының

дәлелі іспеттес:

“Мырзахмет ата, сіз соғыста елді қорғадыңыз. Бізге бейбіт өмір сыйладыңыз. Сол үшін сізге алғыс білдіремін. Мен сабағымды жақсы оқып жүрмін. Сіз секілді батыр болғым келеді. Сізді мақтан тұтамын. Сізге денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін,”-деп жазған бала жүрек мереке қарсаңында ел қорғаған ер жүректі атының жүрегіне елжіретті.

Шын мәнінде, ұрпақтар сабақтастығы дегеніміз – осы. Ұлы Отан соғысының азабын көрген қарт жауынгер мен ертеңгі елдің иесі болатын бүлдіршіннің арасындағы осындай жанды байланыс-елдің рухани тұтастығының көрінісі.

Елімізде тыныштық пен татулық мәңгілік болғай! Ардагерлеріміз аман болсын! Жас ұрпақ олардың ерлігіне лайық болып өссін!

## СОЗАҚТАҒЫ СОҢҒЫ САРБАЗДЫҢ ҒАСЫР ТОЙЫ ТОЙЛАНЫП, СУ ЖАҢА АВТОКӨЛІКТІҢ КІЛТІ ТАРТУ ЕТІЛДІ

Созақ ауылындағы «Талапты» мейрамханасында еліміздің ерен ерлерінің бірі, Ұлы Отан соғысының ардагері, созақтық соңғы сарбаз, қарт майдангер Мырзахмет Жылысбаевтың 100 жылдық мерейтойы кең көлемде аталып өтті.

Шараны Созақ ауданы әкімдігі мен өңірдегі өндіріс орындары бірлесіп ұйымдастырып, батыр қартқа су жаңа темір тұлпардың кілтін табыстады.



Шара барысында аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ардагерге ыстық ықыласын білдіріп, ел үшін сіңірген еңбегін ерекше атап өтті:

«Бүгінгі бейбіт күн – Сіз секілді жауға қарсы күрескен майдангерлердің жанқиярлық ерлігінің жемісі. Сіздердей ерлердің арқасында біз бейбіт өмір сүріп келеміз. Сіздің ерлігіңіз бен еліне сіңірген еңбегіңіз ешқашан ұмытылмайды. Бұл той – тұтас елдің, тұтас ұрпақтың алғысы мен құрметі. Ел болып, жұрт болып, Сізді құрмет тұтамыз!» – деді аудан басшысы.

Сонымен қатар, ардагерге арнайы дайындалған автокөліктің кілтін салтанатты түрде табыстап, өнегелі ғұмырына тағзым білдірді.

Аталған мерейлі тойға Түркістан облыстық «AMANAT» партиясы филиалы төрағасының орынбасары Қалима Жантөре-ева, облыстық мәслихат депутаты Бегімбет Байғараев, аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов, құқық қорғау органдарының басшылары, аудан әкімінің салалық орынбасарлары, мекеме басшылары, мәслихат депутаттары, ардагердің туған-туыстары мен ауыл тұрғындары қатысты. Барлығы да ардагерді құттықтап, ел үшін еткен еңбегіне бас иіп, шынайы ықыластарын білдірді.

Өз кезегінде қарт майдангер Мырзахмет Жылысбаев – «Мына жасқа жеткізген Аллаға шүкір. Елге аман келіп, бейбіт өмір сүргеніме қуанамын. Осындай құрмет көріп, ел-жұрттың алғысына бөленіп отырғаным жүрегім толқып тұр. Аудан басшыларына, ұйымдастырушыларға, ауылдастарыма үлкен рахмет! Ел аман, жұрт тыныш болсын. Тәуелсіздігіміз баянды болсын!» – деп алғысын тебіреніспен жеткізді.

## ЖЕҢІС КҮНІНЕ ОРАЙ АРДАГЕРДІ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Ұлы Жеңіс күні қарсаңында Созақ ауданы полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Мұратов Нұрлан Жақыпұлы бастаған Д.Омарбекұлы атындағы жас сақшы сыныбының оқушыларымен бірге Ұлы Отан соғысының ардагері Жылысбаев Мырзахмет ақсақалдың шаңырағына арнайы барып, ардагерді айтулы мерекемен құттықтады.

Іс-шараға сондай-ақ Созақ ауданының прокуроры Е.Қожабеков, аудандық соттың төрағасы А.Дауренбеков, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аудандық бөлім бастығы Д.Тастанов және Созақ ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің бастығы М.Даулетбаев қатысты. Қонақтар ардагерге ізгі тілектерін білдіріп, елге сіңірген еңбегі мен ерлігі үшін алғыс айтты.

Шара барысында қарияның иығына шапан жабылып, бағалы сыйлықтар табысталды. Жас ұрпақтың ықыласы мен құрметіне риза болған Мырзахмет ата өз естеліктерімен бөлісіп, бейбіт күннің қадірін біліп, елді сүйе сақырды.



### Ардагер өмірінен бір үзік сыр

1926 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Қозмолдақ ауылында дүниеге келген Жылысбаев Мырзахмет еңбек жолын 1942 жылы жеті жылдық мектепті аяқтаған соң қарауыл, табельші және сауат ашу

мектебінде мұғалім болудан бастаған. 1944 жылы 92-автоатқыштар полкінің құрамында Ұлы Отан соғысына аттанып, фашизмге қарсы күресте жауынгерлік ерлік танытқан. Ерлігі үшін арнайы медальмен марапатталған.

Соғыс кезінде полк штабының хатшысы, кейін ерекше бөлім қызметкері ретінде құпия тапсырмаларды орындаған. Соғыс аяқталған соң әскери салада қалуға ұсыныс алғанымен, білім беру саласына қайта оралып, туған елге қызмет етуді жөн көрген.

Алматы қаласындағы Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтты тәмамдаған ол Шолаққорғандағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, кейінірек Ф. Мұратбаев, Қ. Рүстемов, А. Макаренко атындағы мектептерде директор болып қызмет етті. Ағарту ісіне қосқан зор үлесі үшін “Қазақстан Республикасы халық ағарту ісінің үздігі” төсбелгісімен және бірнеше Құрмет грамотасымен марапатталған.

Бүгінде ардагер Мырзахмет Жылысбаев Сызған ауылдық округінде тұрады. Ол – елге еңбегімен де, ерлігімен де танылған Созақ ауданының Құрметті азаматы.

«Созақ үні»-ақпарат.



# Созақ елінің құрылымды жолы

...«Бай-кулак» деген ұғымының төркіні сонау феодалдық кезеңнен қарапайым еңбекшілер табын қанау, аяусыз езу, рақымсыз-рулық қалдықтарды, кедейдің қол күшін кеңінен пайдаланып келген сұлтандарға қарсы көтеріліс жасаған. Жалпы тарихи негіздерге тереңінен үңілетін болсақ Ресейдің шет аймақтарында халық еңбекшілері патша үкіметінен, байлардан қысым көріп отырған, алдыңғы қатарлы уәкілдері езілген халықтың мүдделерін қорғап отырған, басқа ұлт болғанына қарамастан араларында достық пайда болған.

21.02.1924ж. пом.Уполномочного (Лебедев) қолы қойылған» - (құжатта осындай)-тің «Пред.Угорисполкому Туркестанского уезда лично т.ША. Абдасулову (құжатта осындай)» - Созақ болысы аткомінің төрағасы Дәулет Атамбаев Созақтағы ең бірінші байлардың бірі болып есептеледі, әкесі Бухарадан келген (Дәулет Созақта туылған) бір ағайыны бар-інісі өзімен әкесімен бірге тұрады, 500 бас ұсақ малы, 30 шақты түйесі, 40 ірі қара малы және жерлерін суарып жүретін ондаған «Тума»-туыстары бар. Інісі Абдулхаш Атамбаев мануфактура мен мал сату ісімен айналысады. Хандарша інісін қолдап «Анти Советтік класс» (құжатта осылай), «Атқамінерлер» (құжатта осылай) – рубасшылары болып есептеледі. Сізден жедел түрде шара қолдануыңызды сұраймын-делінген.

«08.07.1926ж. «Уполномоченный по Туркестанскому уезду Петухов» (құжатта осылай) – Созақ болысындағы Шу және Курчуйский елді мекенінде рулары «Алшын-тама» кіші жүзінен Асадулла Ибрагимов (дәрігерлікпен) тәуіпшілікпен айналысатын, бақылау кезеңінде қолынан (көкнәрден) бірнеше азаматтардың қайтыс болғаны белгіленген, шара қолданар кезінде хабар беруіңізді сұраймын» – делінген.

1928 жылдарға дейін болыс, старшын тәртібімен басқару жүйесі жүргізілген, мысалы: Қаратай, Сарыөзек, Көкшеғұл, Ақтөбе, Үлкен Шу, Құршу, Созақ-Созақ болысына қараған болатын. Осы жылдың күзінен жалпылама аудандасу жүйесі жүргізіліп, Созақ ауданы атағы беріліп, ауылдарды нөмірлеу ісі жүргізіліп, небәрі 15 ауыл Кеңесі құрылған. 1930 жылдың соңында 1931 жылдың басында Шаян ауданынан 3 ауыл қосылып Созақ ауданында 18 ауыл болған.

1931 жылдары қорасында бес ешкі алты қойы болса болды «бай-кулак»-деп немесе, «Анти советский элемент» атын жамылып осы өзіміздің Созақ, Түркістан ауданынан сол кезеңнің «Кедей байрақ қоғамы»-ның құрбаны болғаны..., ауыл-қыстақтарын тастап айдалғандары... қаншама. Сондағы мақсаты жыл басында міндеттемеге алынған жоспардағы санның мөлшерін толықтыру.... Байлар нағыз «кулак-феодалдар» тау-асып, мағдыр айдап өткелден өтіп кеткен кезеңде, ауылдарда күн көріске ұстап отырған малын «кәмпіскелеп» (конфискация) әртөлге өткізуде мәжбүр болған, төлде мен ишандар да халық жауы атанып лагерлерге айдалған.

10.1931ж. Түркістан Президиумы мәжілісінің № 5 хаттамасынан: «Созақ көтерілісіне қатысушыларға ақшалай сыйлық берілсін, ерекше көрсеткен батырлығы үшін, басмачтармен шайқасқан ерліктері үшін, Созақ байларының көтерілісін басқаны үшін, коммунары тобын, коммандирлері мен қатардағы жауынгерлерді: Винокуров Василии, Винокуров Борис, Мойсеев Александр, Королько Иван, Якубов Юлдаш, Карблин Аверьян – әр қайсысына



жеке-жеке «Манограмма» басып, «Брайнинг» қаруыменен Түркістан «РИК»-нің атынан, мадақ қағазыменен марапаттап, басылым бетіне жариялансын»-делінген.

Негізі: қ-35, т-1, б-1, к-1, п-93  
Түркістан ауданы Кеңесі атқару Комитетінің төрағасы ж.Ахметовтың 07.05.1931ж. № 19 шығыс хатымен тіркелген (құпия) баяндамасында ВКП (б) ұяшық (ячейка) хатшысына, ауыл Кеңесі төрағаларына (құжатта осындай)-делінген; «Кедей-батрақ, ауылдық орта жастағы, қыстақ пен ауылдарда, осы жылдың 1-ші мамырынан аудан бойынша алдымен ірі басты байларды, жартылай феодалдарды, антисоветтік элементтерді, би-қазыларды, жандармдарды, молда-ишандарды жер аударуды талап етуде, арнайы контрлагерлерге айдау, жаппай болыстарды қуу міндеттемеге алынған».

«Обл аткомнің 22 наурызындағы № 216 қаулысы негізінде Созақ ауданы Абай атындағы серіктігін Түркістан ауданына қосу-беру. Абай серіктестігі мүшелерінің мойнындағы салымдары (ет, сүт, жүн) Созақ ауданы қаржысының есебінен»-делінген.

1934-1935 жылдарында Түркістан ауданынан мал-мүлкін кәмпіскелеп айдалғандар (толық емес тізімі) саны: 364 адам, 436 адам

«Борисовка» елді мекенінен «-саудагер, бай-кулак»... болып айдалғандардың (толық емес) тізімі бойынша: 80 адам.

03.04.1935ж. № 26 мәжіліс хатынан «Қызыл байрақ» серіктестігін 3-ауылдың қарамағынан алынып, колхоз мүшелерінің өтініші бойынша 4-ауылға берілсін-делінген.

Негізі: қ-3, т-1а, б-1, к-3, п-57,58  
1936 жылдан ауылдарға берілген нөмірлерді жойып, ауылдарға жергілікті атаулар қойылып, жинақтап ауыл Кеңестеріне тұрғылықты атаулары берілген, олар:

- Созақ ауыл Кеңесі;
- Шолаққорған ауыл Кеңесі;
- Құмкент ауыл Кеңесі;
- Қызыл-көл ауыл Кеңесі;
- Еңбек ауыл Кеңесі;
- Энгельс ауыл Кеңесі;
- Ленин ауыл Кеңесі;
- Молотов ауыл Кеңесі;
- Октябрь ауыл Кеңесі;
- Талапты ауыл Кеңесі;
- 1 Май ауыл Кеңесі;
- Балды-су ауыл Кеңесі;
- Күмісті ауыл Кеңесі-13 ауыл Кеңесі болған.

04.12.1936ж. № 138 президиум қаулысында:

«Құмкент Советінің председателі (құжатта осылай) бұрынғы сельсовет қарамағында болған кулак Т. атақты бай (құжатта осындай) өмірі есігінде малай жалдап ауылдағы еңбекшілерді езу мен келгенін, Созақ көтерілісі кезеңінде, көтеріліске

шатысып, адамдар ұйымдастырып колхоздың астығын талап, колхоз астығы үшін үкімет адамдарын (құжатта осылай) өлтіруге кіріскендігін жақсы білсе де, сайлау правалары (құжатта осылай) жабылған балаларына – анық кедейдің баласы деп олардың әкесінің атын өзгертіп, інісінің баласы деп беріп, оларды Кеңестің түрлі өндіріс кеңселеріне кіріп, үкіметке қарсы ұйымдасып (құжатта осылай), өздерінің жаман пікірлерін жүзеге асыруға жол берген, тәртіп бұзылған..., жауапқа тартылсын...-делінген. (латын қарпімен басылған)».

1937 жылы аудандағы жағдайларын жақсарту, тәртіп бұзушылардың санын азайту-жою мақсатында 16 қазан № 77 президиум қаулысымен: «Аудан аткомінен жасырын бөлімі ұйымдастырылып, инспекторы болып ж.Ақпанов Адамбек тағайындалсын»-делінген.

Негізі: қ-3, т-1а, б-2, к-6, п-40 және 15.07.1937ж. президиум отырысында ау. Совнаркомының қаулысына лайық 60 жастан асқандарға жеңілдік беру: ет тағы басқа салықтардан босатуы келгені, заңды бұзғаны, бұдан былайға уақытша салық толық төленіп ау.атком президиуміне түсіріп отыратын болсын-делінген.

1937 жылдан бастап серіктестіктер артельдерге көше бастаған, Мысалы: «Ленин ауылына қарасты Шаға, Қызыл-байрақ колхоздары серіктестігімен артельге көшуі, Еңбек ауылына қарасты «Еңбек» колхозы серіктестіктен артельге көшуі, уставын дайындауы, Алғабас, Октябрь серіктестіктерінің артельге көшуі»-делінген.

1937 жылдары межелендіру басталып, жаппай колхоздарды біріктіріп, ірілендіру жұмысы жүргізілген, мысалы: «16.10.1937 ж. № 77 президиум қаулысыменен «Үш бас» «Батбақ-су» серіктестіктерін біріктіріп «Нұрпейіс» (құжатта осындай) атты артель құрылған, Еңбек ауылына қарасты «Үш бас» пен «Батпақ су» колхоздарын біріктіріп, үлгі уставын талқылап, уставы ауаткомінде тіркелсін»-делінген.

Сондай-ақ, «Созақ қыстағына қарасты: Сүйіндік, Қайнар колхоздарын, Балды-Су Кеңесіне қарайтын: Үлгілі, Қара-бұлақ колхоздары біріктірілсін»-делінген.

«Соқап» серіктестігін «1-Май» артеліне қосып, 1 май колхозы болсын, шаруашылық жағдайлары көтермей, жалпы жиналыспен шешіліп, қабылданған»

«1937 жылы Созақ ауданы бойынша колхоздардың ауыл шаруашылық бойынша берілген 289809 сом 32 тиынымен борыштары: 58900 сом алынбайтын болсын, қалған 230909 сом 32 тиын, 1937жылдан

бастап 3 жылға бөлу мен қатар 58900 сом мына төмендегі колхоздардың қарыздары кемітілсін»-делінген.

1937-1939 жылдарында жаңа алфавит (әліппені) пен орфографияны оқып үйрену, «Ликбез»-дер мен оқу курстары ашылып, іс-шаралар өткізіліп, жаңа мектептер ашылып, ұстаздарды арнайы оқуға жіберіп, оқу-семинарлар жүргізілген.

1938 жылы Созақ ауданы бойынша колхоздарының жер телімі шекараларын бөліп, егін егу үшін іс жоспарлары бойынша белгіленген.

09.01.1938ж. Созақ ау.ат.комі президиумының мәжілісі № 2 хаттамасы: «Өз Отанын сатқан фашист герман (құжатта осындай) агенті Айсарын мен Мәдезимов, аудандық атқару комитетінің президиум мүшелігінен алынсын-шығарылсын»-делінген.

Ауданымызда халық жауы болып ұсталғандарды Түркістанға жеткізу үшін «НКВД» орындарына жәрдем беру, 1938 жылдың ауд.бюджетіне көзделмеген шығыннан 500 сом ақша бөлінген, 25.02.1938ж.

Қазақ Халқы бар күш-жігерін туған елінің-жерінің игілі үшін Советтік Отанының азаматы деген атағының құрметті иегері болуға жұмсаған. Артельдер, колхоздар, совхоздар ұйымдастырылып, Үлкен фабрика, зауыт-өндірістер түтіні будаланып, өнер қырандары қазақ халқымыздың дара туған дарындары мәдениет шыңына өрледі. Жұмысшыларымыз диқаншылықпен дала целинасын игеріп, болашаққа кіршіксіз таза ниетпен-үмітпен қарауы, Қазақ елінде орындары ашылып: көмір, мұнай, қорғасын, мыс, минералды тыңайтқыштарды меңгеру, шикізат қорын мол химия өндірісіне, жеңіл тамақ, тоқыма өнеркәсіптері, фабрикалар салынып, темір жол құрылысы деп кеңінен өріс алған кезеңдерді өтті: Түркістан-Сібір, Жетісу, Түркісб құрылысшылары темір-жолдары салынып, қатынас-байланыс жұмыстары да өркендеген, егіс науқаны кеңінен етек алған, еліміз мал шаруашылығының үлкен қоймасына айналған...

...Қасіретті Созақ халқы үшін өте қайғылы кезең, іліп олар азаматтарынан айырылған, елім-жерім деп көкірегін тілсіз жау «Үштік»-тің құрбаны болып, «Халық жауы»-деген лақапты жамылған, солақай саясаттың бұрмалауынан-шейіт кеткен есіл алаш азаматтарымыз неше десеңізші. Олардың ақталғаны бар, ақтала алмай жаламен қара жамылғаны қаншама. Халық жауының жанұясы деп зардап шеккен ата-ана есіл қариялар, әйел-бала-шаға...

Сол 1937 жылдарының құжаттарында байдың қалдығы, жалшысы, туысы, баласы деп-«халық жауы» болып шықты, «аудан атком мүшелерінен шығарылсын, сайлау комиссия мүшелерінен шығарылсын, дауыс беру құқығынан айрылсын»,-деген қаулы, шешімдер кездеседі.

Негізі: қ-3, т-1а, б-6, к-20-38. Шын мәнінде ол азаматтар халық жауы ма, әлде саясаттай құрбаны ма, оны біз біре аспаймыз. Біздің білетініміз «қазақ халқы»-өте кең, парасатты, қонақ жай, еңбекқор, ешбір қиындыққа мойымайтын, өзіне деген, халқына-дініне деген сенімі мол, рухы биік, талабы өте жоғары, ынтымағы мен бірлігі асқан, қайратты-жігерлі, қонағына астындағы атын сойып-соңғы нанын беретін, жүрегі нәзік, аңқау-сенгіш жандар...- халық, ел.

**Ұлжан ЖҰМАБЕКОВА,**  
**Кентау өңірлік мемлекеттік**  
**архивінің жоғары санатты**  
**архивисі.**



## Қазақ хандығының алғашқы астанасы

Шежіре дәстүрде аты Қазақпен қатар аталатын қазыналы Созақ – ежелден қарт Қаратау мен Сырды қауыштырып, алуан мәдениеттерді тоғыстырған, қазақ халқының байтағына баланған өлке, руханияттың нәрлі ошағына айналған киелі өңір. Қаратаудың бір етегі күллі түркі жұртының пірі саналатын Қожа Ахмет Ясауи жатқан әзірет Түркістан өңірі болса, екінші беті Орталық Азиядағы ренессансты жасаған, Қарахан мемлекетінің даңқты билеушісі әйгілі Әулие-атаның құтты қонысы. Әз Қаратаудың келесі баурайында сансыз бабтардың ілімі гүлдеген қасиетті Сайрам шаһары,



**Дархан ҚЫДЫРӘЛІ,**  
**академик, Сенат депутаты**

шашқан білім ошағына халық та ерекше ықыласпен қарап, қорғап отырады. Зұлмат жылдарда мешіт қоймаға айналады, шырақшылар шетінен қуғын-сүргінге ұшырайды, абырой болғанда мешіт құламай сақталып қалады. Қызыл үкімет кезінде де көшенді шырақшылар қамқорлығына алып, бүгіндері де сол атадан жалғасқан игі дәстүр жалғасып келеді. Әзірет Сұлтанның арғы бабасы болған, далаға шығыс мәдениетінің шырағын жаққан ұлы тұлғаның дәстүр сабақтастығы, ізгілік ілімі бүгінге дейін өшпей жалғасып келген.

## Қарабура – Боғра хан

Созақ жеріндегі халықтың тәу

тапқы буынындағы «қара» сөзі түркі тілінде «күшті», «ұлық» дегенді білдірсе, соңғы буындағы «бура, боғра» атауы тотемді білдірген. Сондықтан яғмадан шыққан «Боғра хан» тілдік өзгеріске ұшырай келе таманың ұраны «Қарабура» атанып, кейін халық жадында осы атаумен сақталып қалған сияқты. Өйткені Қарахан билеушілері соқтырған теңгелерде Боғра-хан, кейде Боғра Қара-хақан атақ-лауазымдары жиі кездесіп отырады. Құдіретті ханның аты Тараз шаһарында шекілген (1088-1089) дирхемде «Тағрач/Тағрач-хақан Хасан» деп кездеседі.

Тарихи деректерге сүйенсек, Хасан Тамғаш-Боғра хан (Қарабура әулие) Орталық Азиядағы ренессанстың бастауында тұрған Шығыс Қарахан мемлекетінің даңқты билеушісі болған. Ол 1074-1102 жылдар аралығында Шығыс

# Қазыналы Созақ-ұлт руханиятының қайнары

одан беріде Арыстан баб пен Әл-Фарабидің Отыраы орналасқан. Міне, қазақ руханиятының осы төрт құбыласын Орталық Азияға дін тарата келген Ысқақ баб, Ұлық Ұлыстың рухани ұстыны – Баба Түкті Шашты Әзіз және Қарахан дәуірінің ұлы әміршісі Тамғаш Хасан Боғра хан (Қарабура әулие) мәңгілікке дамылдаған қасиетті Созақ өңірі түйістіріп, жалғап жатыр. Сондықтан бұл өңір қазақ халқымен қатар, түбі бір түркі жұртының да қастерлі мекені.

Созақ шаһары алғаш рет жазба деректерде Хузақ деген атпен белгілі бола бастайды. Түркі қағанаты дәуірінде Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі сауда-экономикалық шаһар ретінде маңызды рөл атқарып, Қарахан дәуірінде сауда, қолөнер сынды ірі мәдениет ошақтарының біріне баланды. Қазақ хандығы тұсында стратегиялық қала ретінде маңыздылығын жоғалтпай, тұңғыш астана қызметін атқарды. Қазақтың ұлы хандары Керей мен Жәнібектің осында орда тігіп, хандықтың іргесін бекіткені туралы ғылыми мәліметтер бар. Ол туралы академик Әлкей Марғұлан: «Қаратаудың солтүстік бөктерінде Созақ кентімен аттас қала жұрты бар, ол қазақ жерлерін біріктірудің бастапқы кезеңінде Қазақ хандығының тірек қаласы болған. Бұл қала хандық тұсында ірі сауда-қолөнер орталығы ретінде маңызды рөл атқарған, деп жазса, археолог Кемал Ақышев «қаланың нағыз өркендеген дәуірі Қазақ хандығы тұсы», деп тұжырымдайды. 1946 жылы академик Әлкей Марғұлан қазба барлау жұмыстарын жүргізіп, көне шаһардың бес мәдени қабатын анықтаған болатын. Шаһардың ең төменгі мәдени қабаты Х-ХІ ғасырларға, яғни Қарахан дәуірімен сәйкес келсе, ең жоғарғы қабаты ХVІІ-ХVІІІ ғасырлардағы Қазақ хандығы дәуірімен тұспа-тұс келеді.

Жоңғар шапқыншылығы тұсында хандықтың маңызды бекіністерінің біріне айналған шаһар қазақ жауынгерлерінің азық-түлік, қару-жарақтармен қамтамасыз етілуіне зор ықпал еткен. Кейіннен Абылай ханның Созақты қайта жаңғыртып, рухани орталыққа айналдыру ұмтылысы, сол сияқты, Кенесарының Сарыарқадан Бетбақдаланы кесіп өтіп, жаудан азат етуі бұл қаланың рухани әрі саяси тұрғыда айрықша маңызды болғанын көрсетсе керек. Кеңес үкіметіне қарсы 1929-1930 жылдары ұйымдастырылған көтерілістердің ең ірісі де осы Созақ жерінде өтуі азаттыққа деген халық рухының айғағы іспетті. Осы көтерілістен кейін кеңестік биліктің ықпалымен Созақ атауын санадан сылып, саяси тұрғыдан шектеу әрекеттері басталды.

Созақ – Қазақ хандығы дәуірінен аман жеткен жалғыз шаһар. Мұнда хандық дәуірден қалған тарихи мұралардың бірі көне қаланың іргесіндегі, бүгінде тегіс алаңқайға айналған – «Хан мазары» ескерткіші. Жергілікті өлкетанушылар бұл жерде Керей мен Жәнібек хан жерленген десе, енді бірі Қасым ханның ұлы Хақназар ханның сүйегі жатыр дегенді алға тартады.

Қалай десе де, халықтың «Хан мазары» деп қастер тхтып, қорып келуіне қарағанда бұл жерде қазақтың ұлы хандарының бірі жерленген болса керек. Себебі «Шәйбани-наме» еңбегінде Сыр бойындағы қалалар үшін болған шайқастарда Созақ қаласы Жәнібек ханның ұрпақтарының қолына өткендігі жазылады. Хандықты қырық жылдай басқарған Хақназар ханның біраз уақыты Түркістан, Созақ өңірлерінде өткені белгілі. Сондықтан мұнда Хақназар ханның денесі жатыр деген болжам шындыққа жанасады. Әрине, ол толықтай археологиялық, тарихи-мәдени зерттеулер арқылы анықталуға тиіс.

## Әзірет сұлтан Ясаудің ұлы бабасы – Ысқақ баб

Созақ ауданы Баба ата ауылындағы әйгілі Бабата көне қаласының жұртында да ежелгі тарихтың ізі тайға таңба басқандай сайрап жатыр. Орта ғасырда Түркістан мен Сайрамнан кейін әулие бабтар жиналып, ислам ілімін дамытқан негізгі орталық кенттің бірі осы болған. Шаһардың рухани-мәдени орталыққа айналуына ықпал еткен Ысқақ бабты халық Баб ата деп атап кеткен. Кейіннен қала да Бабата аталған.

Шежірелерге қарағанда, Ысқақ баб – Әзірет Әлінің тікелей ұрпағы. Қожа Ахмет Ясауи сол Ысқақ бабтың жұртына саналады. Демек, Ысқақ баб – исламды түркі ұлыстарына таратушы рухани тұлға. Халық арасында кең тараған «Насаб-нама» кітабында Ысқақ бабтың Орталық Азияға ислам аша келгені туралы көптеген деректер айтылады.

Бабата кесенесі туралы «Алпамыс батыр» жырында да айтылады:

Әзіреті Ысқақ баб,  
Бабатада дер еді.  
Ол уақытта Бабата,  
Томпайып жатқан жер еді.  
Атбесік жасап басына,  
Қабірін бұлар түзеді.

Ысқақ бабтың қасиетті кесенесі жоңғар соғысы кезінде жаулар тарапынан күйретілген деседі. Атамекен азат етілген соң қайта келген ұрпақтары әулиенің тыным тапқан топырағын таба алмай жаңылып қалады. Аңызға сенсек, бір абыз қария шолпан жұлдызы туғанда жақсылап қарасандар Ысқақ баб жатқан жерге қобылан кеп айбат шегіп тұрады, сол орын қабірі болады дейді. Осылайша жұрт қабыланды көріп, ол кеткен орынды қазғанда кесененің сағанасына кіретін қақпаға тап болып, әулиенің жерленген сүйегімен бірге туы мен найзасын тауып алады. Осылайша кешен жаңғырып, мешіт-медресе бабтың сағанасы маңына орнатылады. Бұл көне 33 құжыралы мешіт-медресе кешені түрлі кезеңдерде жөндеу-жаңғыртудан өтіп, жергілікті өлкетанушылардың жазуына қарағанда 1923 жылға дейін елді рухани нәрімен сусындатып келген. Бұл медреседе Шолаққорған, Созақ, Арқа, Жетісудан келген көптеген шәкірттер білім алады. Қазақ даласына нұрын

етіп, маңдай тірер қасиетті орындарының бірі – Қарабура әулие кесенесі. Кейбір аңыз-әңгімелерді арқау еткен мақалаларды айтпағанда, Қарабура әулие туралы ғылыми зерттеулер жоқтың қасы. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге сүйенсек, Қарабура әулие Қожа Ахмет Ясаудің замандасы әрі Әзірет Сұлтан қайтыс болғанда оның денесін арулап, жерлеуге қатысқан діни қайраткер ретінде сипатталады. Кейбір зерттеушілер Қарабура әулиені Қарахан дәуірінің нағыз гүлденген шағында өмір сүрген тарихи тұлға деп болжайды. Қазақтың ұлы ғалымы, этнограф Ш.Уәлиханов: «Қарабура – Тама руының ұраны!», деп алғаш ғылыми мәлімет берсе, көрнекті жазушы Әбіш Кекілбаев: «Қарабура-тамаларға Қарахан мемлекетінің құрамында болған кезден қалған ұран» деп жазады. Созақтың өлкетанушы С.Тәбіріз-ұлы: «Қарабура Созақта дүниеден өтіп, денесі осында қойылған. Оның кесенесі маңында Қарабураның екі қабатты мешіті болған және онда мың адам қатар тұрып намаз оқи алатын. Кеңес өкіметі орнаған заманда, дін иелерін қуғындаған кезеңде мешіттегі шайықтар мен діндарлар қуғынға ұшырап, мешіт жермен-жексен етілген», дейді. Біз Созаққа жасаған сапарымызда жергілікті тұрғындармен тілдесіп, біраз мәселеге қанықтық. Жергілікті халық бұл қастерлі орынды әлі күнге «Бура хан әулие» деп әспеттейді. Тек бертінде ғана «Қарабура әулие» деген атау белең ала бастаған. Таяу жылдары әулие кесенесін өз бетінше қазғандар көптеген кітаптар тапқан екен, кейін оларды қайта көміпті. Шырақшының айтуынша, кесенде әуелде жазу болған, оны әлдекімдер «Хасан» деп оқыған, алайда кейін таппай қалған. Бұл – маңызды мәлімет. Жазу мен кітаптарды қайта тауып, зерделегенде, ақиқаттың ашыла түсері анық.

Осы дерекке иек артсақ, біздіңше, Қарабура – Шығыс Қарахан билеушісі Хасан Тамғаш-Боғра хан болуы мүмкін. Біріншіден, осы уақытқа дейін Тамғаш Хасан Боғра ханның жерленген орны мен кесенесі жайында ешқандай нақты деректер кездеспей келді. Екіншіден, Хасан Боғра хан Қарахан хандығын құрайтын «яғма» тайпасынан тарайды. Қашқарлы Махмұд «яғма, шігіл, аргу тайпалары Қарахан мемлекетінің негізін қалаған ру-тайпалар еді» деп жазады. Сонда Қарабураның «руы» саналатын «тама» Қарахандар мемлекетіндегі «яғма» сөзінің дыбыстық өзгеріске ұшыраған түрі болса керек. Ал яғмалардың билеушісі «Боғра-хан» титулын білдіретін дереккөздің бірі–«Мұжмел үт-Теварихуал-Қысас» еңбегі. Расында Қарахан мемлекетіндегі яғмалардың тотемі–бура, «боғра» түрінде кездеседі. Қарахан әулетінен тараған билеушілер өздерінің есімдерінің алдына «Сатұқ-Боғра хан», «Әли Арслан», «Ибраһим Тамғаш хан» сынды лауазымдарды қосарлап айтатыны тарихи әдебиеттерден мәлім. Бұл орайда, Қарабура–Боғра хан тұлғаның күштілігін, ұлықтығын білдіретін лауазым түрі. Қарабура атауының бас-

Қарахан иелігіндегі Баласағұн, Қашқар, Хотан жерлерінде билік жүргізіп, халықтың әл-ауқатын жақсартуға зор үлес қосқан ұлы тұлға. Ол билікке келер алдында ішкі тақ таласы мен сыртқы жауларының ықпалынан Қарахан мемлекеті құлдырау үстінде болған. Боғра хан билікті қолына алған соң Қарахан мемлекеті өркендей түсті, 30 жылға жуық патшалық құрған мерзімде ол ғылым мен білімді дамытып, елінің рухани сенімін дәстүрлі бағытқа бұрды, осылайша Орталық Азиядағы түркі-ислам құндылықтарының өркендеуіне ықпал етті. Академик Бартольд: «Хасан Тамғаш-Боғра хан Қарахан дәуірінде медресе, кітапхана, аурухана салдырып, ғылым, өнер, мәдениет саласына биік белеске көтерген ірі қайраткер», деп бағалайды. Сондықтан Қарахан елінде ғалымдар мен әулиелерге жағдай жасап, өзі де рухани жолды ұстағандықтан, жұрт оны ұлы әулие санаған.

Боғра хан ғлама ойшылдар мен дін қайраткерлеріне айрықша ілтипат көрсетіп, қолдау жасап отырған. Әйгілі Жүсіп Баласағұнның «Құтты Біліг» туындысы осы Боғра ханға арналып жазылды. Мемлекетті басқару қағидалары мен ұстанымдары қамтылған еңбекпен танысқан Боғра хан оған «Хас хажиб» – «бас уәзір» атағын берген. Өкініштісі, Жүсіп Баласағұнның кім екені және қайда жатқаны әлемге аян, ал Боғра хан бүгінде ұмыт болған. Оның бейітінің қазақ жерінде жатқанын ешкім білмейді. Әйгілі Қашқарлы Махмұттың «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегі осы билеушінің тұсында жазылған. «Қашқар тарихы» еңбегі де Боғра хан кезеңнің таңдаулы шығармаларының бірі. Оның қарамағынан Батыс Қарахан иелігінде қысымға ұшыраған ғламалар пана тапқан. Солардың бірі әс-Сарахси Ханафи мазхабының көрнекті кітабы саналатын «Әл-Мәбсұт» еңбегін Боғра хан иелігінде жазып, аяқтаған. Осылайша Тамғаш Хасан Боғра хан патшалығы озық ғалымдар мен ғламалар шоғырланған рухани орталыққа айналған.

Бүгінде Қарабура әулие – Боғра хан кесенесінің әуелгі келбетінен әжептеуір ауытқығаны байқалады. Бертінде құлап, орнына ақ кірпішпен өрілген жаңа кесене тұрғызылыпты. Төңірегіне де бай-бағландардың сәулетті бейіттері бей-берекет орналасқан. Сондықтан қастерлі мекенді мемлекет қарауына алған жөн деп ойлаймыз.

## Ұлық Ұлыстың рухани діңгегі

Созақ өңіріндегі ғажап қаһарман Баба Түкті Шашты Әзіз – есімінің өзінен ежелгі заманның лебі есіп тұрған әпсаналық деңгейге көтерілген хикметті тұлға. Бір деректерге қарағанда, оның есімі Баба Туклас. Оның әкесі Керемет Әзіз. Әйгілі «Едіге» дастанында айтылған мәліметте Баба Тукластың баласы Еділ-Жайыққа дейін келген, оның Құтлу-Қия деген ұлынан Едіге туған деседі.



Өтеміс қажының «Шыңғыснама» атты шығармасында Баба Туклас атты адам серіктерімен келіп, Алтын Орда әміршісі Өзбек ханды исламға енгізгені туралы айтылады, Өзбек ханды исламға алғаш шақырған адамның аты Садр-ад-дин, лақабы Баба Туклас болған деген қосымша мәлімет бар.

Бұл деректерден, түптеп келгенде, Баба Туклас атты тұлғаның Алтын Орда хандарының рухани ұстазы болғанын анық байқауға болады.

Заман өте келе тарихи тұлғаның әрекеті көмескіленіп, оның бейнесі аңыз бен мифтердің қою мұнарымен қоршалғаны байқалады. Қазақ эпосында Баба түкті Шашты Әзіз Ғайып ерен, Қырық шілтенмен қатар қаһармандарды жебеуші пірге айналады. Елдің ескі шежіресінде, Баба Түкті Шашты Әзіз-Баба Омар Әулиенің баласы, 25 жасынан бастап неше түрлі керемет жасайтын. Ол жыр-дастандарда ұдайы батырларды қиын-қыстау сәттерде қолдап-қоршап жүретін жебеуші, балаға зарыққан қарт атананың тілегін қабыл етіп, ерекше алып батырды тудыруға дем беруші.

Қазақ халқы Баба Тукластың қабірі Созақ өңірі Құмкентте деп білген. Дәлірек айтқанда, әулиенің күмбезі Қаратаудың солтүстік-шығыс жағында, Қызылкөлдін жағасында, бұрынғы Құмкент қаласының оңтүстігіне қарай бір шақырымдай жерде орналасқан. Қарахан заманында салынған Баба Түкті Шашты Әзіздің көне мазары

қирап, оның орнына жаңа күмбез кейіннен салынады. Академик М.Әуезов жазғандай қазақ тарихи эпосының кесек сүйегі Алтын Орда дәуірінде қалыптасты десек, сол жырлардың барлық батырларын қолдаушы пірі Баба Түкті Шашты Әзіз болып келеді. Ендеше, Алтын Орда хандарының рухани алтын діңгегі болған тұлғаның бейнесі кейіннен түрлі аңыздармен көмкеріліп халқымыздың жүрегінде ғасырлар бедерінде өшпей өмір сүруі, оның қазақ хандарының ежелгі астанасы болған Созақ өлкесінде жатуы тегін болмаса керекті.

Дегенмен Созақ өңіріндегі осы әулиелер мен машайықтардың ғажайып кесенелері жаугершілік замандарда, кейін кеңестік қызыл саясат кезінде де тоналып, қиратылған. Осылардың қатарында Ысқақ бабтың мазары да талқандалған. Әсіресе жоңғар шапқыншылығы кезінде әулиелердің қабірін тонау, сол арқылы қазақ қоғамының рухани тұлғаларын қорлау істері белең алғаны белгілі. Сол сияқты, Созақтағы XIX ғасырда негізі қаланған аса құнды рухани ғимараттардың бірі Шахи-Ахмет Ишан мешіті – Орталық Азияда теңдесі жоқ ғажайып ғимараттың бірі. Мешітті салған шеберлер Орта Азия мен Еділ бойындағы сәулет өнерінің үйлесімін ұтымды бере білген. Өлкетанушы А.Қабден-Кәрімнің жазуына қарағанда, Шахи Ахмет әйгілі Байғара бидің ауылында Аяғез, Тарбағатай өңіріне ілім

таратқан ғлама, Бұқара, Уфа сопыларынан білім алған зиялы. Ол кісі патша үкіметі тарапынан қуғындалып, итжеккенге Үркітке айдалады. Халық тақуаны мал жинап, соңынан іздеп барып абақтыдан құтқарып алады, ол кісі Троицк арқылы Аяғезге аман-есен оралады. Кейіннен қуғын-сүргіннен бой тасалап, Созақ өңіріне орналасып рухани ілімін жая түскен. Оның баласы Сапар Мағзұм қазіргі Түркістан облысына қарасты Түлкібас ауданының Көкбұлақ елді мекеніне келіп, діни-ағартушылық қызметтер атқарған. Көкбұлақтағы ауыл қарияларының айтуынша, дінге қарсы атеистік көзқарас орнағанға дейін осы ауылда жұма сайын жан-жақтан машайықтар жиналып, мешіт құжырасында зікір салып, ауру-сырқауларды шілдеге салатын орын болған екен. Ал Құтып атанған Шәкермағзұм қайтыс болғанда әйгілі ақын Әріп Тәңірберген: «Құтыбым жадыраса жан базары, Бар еді іштен зәлмат дерт жазары. Перзенті машайықтың ер әулие, Пасықты сауықтырған бір назары», деп оның арғы атасы Шахи Ахметтей дін жолында күрескен ердің перзенті екендігін қадап айтады. Сондықтан Ысқақ баб, Қарабура әулиелердің рухани ізбасары ретінде еліміздің әр өлкесінде халыққа діни-ағартушылық қызмет жасаған Шахи-Ахмет ишан тұлғасын ұлықтап, оның Созақтағы мешіт-медресесін мәдени мұралар тізіміне енгізген жөн деп есептейміз.

Тәңірге тәубе, қазір Ұлытау мен Жошы хан ұлықталып, Түркістан түлеп, Ясауидің тұлғасы насихатталып жатыр. Бұл тарлан тарихымыздың бойына қан жүгіртіп, құндылықтарымыздың қайта жаңғыруына игі бастама. Алайда әлі одан да ірі тұлғалардың қараусыз, елеусіз жатқаны жанға батады. Қожа Ахмет Ясауидің түп бабасы Ысқақ бабтың мазары, Ұлық Ұлыстың рухани ұстыны, пірі болған Баба Түкті Шашты Әзіздің бейіті, Қазақ хандығының астанасы болған, хандардың сүйегі жатқан Созақ қаласы мен Хақназар ханның қорымы елеусіз жатуы соның айғағы. Тіпті, қазір шағын бөлігі ғана аман қалған көне Созақ қаласының орны жойылып кетудің аз-ақ алдында тұр.

Л.Н.Толстой «Қарапайым халықтың өмір мен сенім жайлы түсінігін тыңдаған сайын ақиқатқа жақындай түстім» деген екен. Расында дәстүрлі түсініктен алшақтап, өзгенің қаңсығын таңсық көріп адасып жүргендердің ақиқаты халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан салты мен қалпында. Енді сана-сезіміміздің сәулетін қалыптастыратын осы рухани қазынамен қайта қауышатын сәт келген сияқты. Сондықтан Созақтағы рухани, тарихи, мәдени ескерткіштерді сақтау, зерттеу, насихаттау ісін мықтап қолға алатын уақыт жетті деп ойлаймын.

## «Созақ» атауына қатысты көзқарас

Созақ өңірінде туылып, өскен төл перзенті және отандық тарих ғылымының өкілі ретінде туған өлкеміздің тарихы назарымыздан тыс қалған емес. Әсіресе, шығыс тілдерін меңгерген тарихшы ретінде араб-парсы тілдеріндегі хатталған қолжазбалардағы Созақтың көне және ортағасырлардағы, Қазақ хандығы тұсындағы тарихы қызықтырмай қоймайды.

Қазіргі көзі қарақты замандас тарихшылардың арасында өзіндік орыны бар Дархан Қыдырәлі бауырымыздың «Қазыналы Созақ – ұлт руханиятының қайнары» атты мақаласында көрсетілгендей, Созақтың Қазақ хандығының астанасы болғандығы туралы пікіріне толықтай қосыламын. Оған тарихшы атап, көрсеткендей, тарихи деректер, археологиялық зерттеулер дәлел бола алады.

Менің айтпағым, «Созақ» атауына қатысты ой-тұжырымдарды ортаға салып, көпшілік талқысына салу болып тұр. Өйткені, «Созақ» атауының түбін қазбалап, көкейдегі сұрақтарға жауап тауып жатсақ, «нұр үстіне нұр» болып, Созақ өңірі тарихының көне қатпарлары ашылып, қаланың өткеніне тереңірек бойлай түсер едік.

Созақ атауына қатысты түрлі пікірлер бар. Олардың ең қарапайымы – жергілікті халықтың саз бетіндегі суды «Зәк суы» - деп атауына байланысты осыдан «суызәк» деген сөз пайда болып, ол «Созақ» атауына айналған болуы мүмкін деген топшылау.

Д. Қыдырәлі Созақ шаһары алғаш рет жазба деректерде Хузақ деген атпен белгілі бола бастайды деп пікір білдірсе, «Ақиқат» журналында жарық көрген «Созақтың сыры да, жыры да, жолы да ұзақ» атты сапарнама мақалада автор грек тарихшысы Страбонн еңбектерінде «Су сақтары» деген сөзді айта келіп, «осыдан Сусак шыққан» деп тұжырымдап, Сусакты қазақы тілге ыңғайластырып, Созақпен байланыстырады.

Осы орайда шығыстанушы-тарихшы ретінде Созақ атауына қатысты өз пікірімді де білдіре кетсем. Біздіңше, «Созақ» атауының тарихы сонау сақтардан бастау алады және

ол «Соғдақ» атауымен байланысты. В.В. Радлов, В.Томсен, А.фон Хабен, Х.Оркун және С.Е. Малов сияқты ғалымдар көне түркі жазбаларында кездесетін жазуындағы «Соғдақты» Соғды атауымен байланыстырады. Осы уақытқа дейін соғды атауы бір елдің атауы емес, соғдылардың өзін атауы екені белгілі болды.

Бәрімізге белгілі, көшпелі салт ұстанған сақ-скифтердің бір бөлігі түркі тілдес болса, келесі бір бөлігі иран тілдес тайпалар болды. Осы иран тілдес тайпалардың бір бөлігі соғдылар Орта Азия аймағына тұрақтап, осы аймақтың ғана емес, Еуразия даласының саяси-экономикалық тарихында маңызды орынға ие болған Соғд аймағын қалыптастырды.

Әйгілі лингвист Семереньяның айтуынша, «соғды» атауы, скифтердің «садақшы» сөзінен шыққан болуы мүмкін. Тарихта біз соғдыларды отырықшы қала тұрғындарымен көбірек байланыстырамыз және соғдылардың дәстүрлі аймағы ретінде Оңтүстік Тәжікстан, Оңтүстік Өзбекстан, Түркіменстан, Маргиана, Мерв сияқты аймақтармен байланыстырамыз.

Дегенмен, соғдылардың түп тегі сақтардан бастау алатын андронов мәдениетінің тайпаларымен байланысты және олар қазіргі Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Солтүстік Ауғанстанға солтүстіктен, Қазақстан аймақтарынан келген.

Соғдылар бір кездері далада орын алған әртүрлі жағдайларға байланысты даладан кетуге мәжбүр болып, шамамен, б.з.б. екінші мыңжылдықта олардың біршама бөлігі оңтүстікке, солтүстікке, батысқа қоныс аударды.(Соғд и согдийцы// h)

Иран тілдес соғдылар көршілес Түркі қағанатының саяси, мәдени және экономикалық өмірінде маңызды орынға ие болды. Жоғарғы биліктегі түркі қағандарының айналасында мемлекет істерін басқаруға белсене қатысқан көптеген соғдылықтар болды. Түркі қағандары Ұлы Жібек жолындағы халықаралық сауданы дамытуды соғдыларға сеніп тапсырды. Қағандар соғдыларды Қытай, Иран, Византия сияқты ел-

дерге елшілер ретінде маңызды мемлекеттік миссияларға жіберді. Соның нәтижесінде Түрік қағанатының халықаралық байланыстары айтарлықтай кеңейіп, мемлекеттің экономикалық және мәдени өмірі жоғары дәрежеде дамыды. VI – VIII ғасырлардағы Түрік қағанатында болған мәдени даму процесін шартты түрде «Түркі ренессансы» деп атауға болады (Ш.Камолиддин. Согдийцы и их потомки. h).

Уақыт өте келе Ұлы Даладағы этникалық процестердің нәтижесінде соғдылар мен түркілер мидай араласып, этно-мәдени, лингвистикалық ортақтықтар да пайда болды. Осы аралас-құраластың белгілері қазақтың шежірелерінде де көрініс тапқан. Мысалы, шежіре-аңыздарда Созақ пен Қазақтың арғы тегін саралай отырып, Алаштан Сейілхан мен Жайылхан атты егіз ұлды таратады. Сейілханнан сегіз арыс түрікпен тарайды деседі. Көршілес қазақ рулары түрікпендерді кейде «Сейілхандар» деп атайтыны осыдан болса керек. Ал, Жайылханнан түгел сөздің түп атасы Майқы би туады. Майқыдан-Сабиян, Сабияннан Айырқалпақ, Айырқалпақтан-Қазақ, Созақ, Ұзақ туады. Қазақтан-Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс тарайды. Созақтан Қарақалпақ, Ұзақтан қырғыз бен хакас ағайындар бөлінді дейді тарихи шежіре. Осы шежіре дерегінде Созақ атауы қарақалпақтармен байланыстырылады. Бұл да Созақ атауының көне сақ-соғдылармен тарихи байланысынан хабар береді. Біздің дәуірімізге дейінгі 5 ғасырға жататын ирандық билеуші І Дарийдің құлпытасында «Тиграхуада сақтары», дәлірек айтсақ, Сырдарияның төменгі ағысында жасайтын «қалпақ киген сақтар» туралы жазылған. Ол кезде бұл атау көшпелі тайпалардың көпшілігіне, соның ішінде сақтарға да берілген атау болсадағы, қазіргі қарақалпақтардың ата-бабалары қара, жүннен жасалған, ұшы бар бас киім киетіндерін және қарақалпақтардың қазақтарға қарағанда еуропалық нәсілге жақынырақ екендігін ескерсек Созақ пен Соғдақ атауының байланысын анық байқауға болады.

Созақ атауының Соғдақпен байла-

нысына тағы бір дәлеліміз археологиялық мәліметтерге де байланысты. Қалашықты алғаш 1946 ж. Ә.Х. Марғұланнның жетекшілігімен Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясын ашып, есепке алса, 1947-1948 жылдары Созақтың орнын топографиялық тұрғыдан Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (А.Н. Бернштамның жетекшілігімен) зерттеп, оның жобасын түсірді.

Дегенмен, археолог-ғалым Д.А. Талеевтың жазуынша Созақ қаласының орны екі жерде сақталған. 1. Тарсатөбе қалашығы Созақ ауылының шығыс шетінде жатыр. Оның мерзімделуі Г.И. Пацевичтің жүргізген қазба нәтижесі бойынша б.з.д. III- б.з. XII ғғ аралығы. 2. Өрқақпа, Созақ ауылының ортасында орналасқан. оның мерзімделуі XIII-XIX ғғ. аралығы(Д.А. Талеев «Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 2009 жылғы Археологиялық зерттеулер жайлы есеп. – Алматы, 2010. – 120 б.).

Созақ атауының соғдылармен байланысына тағы бір дәлел, Созақ атауы тек Қазақстанда ғана емес, көршілес елдерде де кездеседі. Мысалы, байырғы Соғды өлкесінің шығыс шекарасы саналатын Қырғызстанның Жалал-абад облысында Созақ қаласы бар. Парсы тілінде «Сузак» сөзі - күйдіру етістігінен туындайтын «күйген» деген мағынаны білдіреді.

Көріп отырғанымыздай, Қазақ хандығының астанасы болған Созақ қаласының тарихы тым тереңде. Жоғарыдағы мәліметтерді саралай келе, Созақ тарихы кемінде 2000 жылдан асып жығылатынын байқаймыз. Ендігі кезекте, өңір тарихын кешенді түрде зерттеп, археологиялық зерттеулерді арап-парсы, қытай, т.б. тілдерінде жазылған деректермен салыстыра отырып зерттеуді қолға алсақ.

**Жомарт ЖЕҢІС,  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Та-  
рих және этнология институты-  
ның Бас директорының ха-  
лықаралық байланыстар бой-  
ынша орынбасары.**



# Жемқорлықтың жолын кесу- азаматтық парыз

«Коррупция» термині латын тілінің «corruptere» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан «мемлекет организмін, қоғамдық қарым-қатынастарды бұзу» дегенді білдіреді, «параға сатып алу» терминімен сәйкес, яғни лауазымды тұлғаның өз билігі өкілеттігі мен сеніп тапсырылған құқығын заңға және моральдық нормаларға қайшы келетін өтірік айту, бопсалаушылық, сөзбұйда жасау жолдарымен жеке бас пайдасы үшін пайдалануы. Сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекеттік билікті жеке бас пайдасы үшін, үшінші бір тұлғалар мен топтардың мақсаты үшін асыра пайдалану. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Сыбайлас жемқорлықты білдіретін белгілердің бірі пара алу не беру болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ісқимыл - субектінің өз өкілеттіліктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық - бұл үшін заңда әкімшілік және қылмыстық жауаптылық белгіленген сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы әрекет не әрекетсіздік. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

Әрбір Қазақстандық отбасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің бүкіл қоғамның ісі екенін тусыну керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру өскелең ұрпақтың жұмыс қағидатында маңызды рол атқарады. Сыбайлас жемқорлықты ұлттық мәдениетке жат құбылыс ретінде сезіну және қабылдау қоғамымыздың сыбайлас жемқорлыққа қарсы екендігінің негізі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлық тамыры тереңге бойлаған індет. Қолында билігі бар азаматтар сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл болып, өзгелерге үлгі болуы тиіс.

**Айнұр ӨТЕБАЕВА,**  
**аудандық Кірістер басқармасының есепке алу, талдау және ұйымдастыру-құқықтық жұмыс бөлімінің бас маманы.**

## Қоғам дертінен арылу- болашағымыз үшін маңызды

Сыбайлас жемқорлық-тәуелсіз Қазақстанның, бүгінгі қоғамның өзекті де күрделі мәселелерінің бірі. Тек Қазақстан емес, бұл індет әлемнің қай-қайсы елінде болса, сол елдің қасірет шегері хақ.

Пара дегеніміз не? Бұл лауазымды тұлғаның басқа бір тұлғадан лауазымына қатысты көрсететін қандай да бір қызмет түріне берілетін ақша немесе өзге игіліктерді алуы. Сыбайлас жемқорлық-жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың және оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өкілеттіліктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаға мүлкітік игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалану, игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы параға сатып алу болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті өз жолдауында «Аса маңызды міндет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру. Әкімшілік реформа қа-

жетсіз қағазбастылық пен құжат айналымының қолайсыз үдерісіне айналмауға тиіс. Халық алдында есептілігін арттырып, нәтижеге деген жауапкершілігін күшейте отырып, жергілікті жерлердегі басқару органдарына көбірек дербестік беру керек» - деп сыбайлас жемқорлықпен күрестің мән-маңызына тоқталып өткен болатын.

Сыбайлас жемқорлық-індет, оны жою міндет екендігін әрбір азамат пен азаматшалар түсініп, қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейін арттыру үшін сыбайлас жемқорлықпен күресті әр адам өзінен бастауы қажет деп ойлаймын. Әл-Фараби аңсаған қайырымды қаланы, кемел мемлекетті қалыптастыру үшін қоғамда, елде болмауы керек бір маңызды дүние болса, ол – жемқорлық. Елдегі бұл ауыр індетті жою үшін күресті өзімізден, айналамыздан бастап, нәтижеге қол жеткізуге, жемқорлықты жою үшін аянбай күресу - әрбір қазақстандық азаматтың азаматтық та, адамзаттық та парызы.

**Қайсар ӘЛІШЕР,**  
**аудандық Кірістер басқармасының есепке алу, талдау және ұйымдастыру-құқықтық жұмыс бөлімінің жетекші маманы.**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық мемлекеттік органның ортақ жұмысы. Бұған бір реттік науқан ретінде қарамау ке-

ушін Агенттікпен 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Тұжырымдамасы әзірленген болатын. Бұл Тұжырымдамада жемқорлыққа қарсы саясатты дамыту,

дауда жетістіктермен қатар бар проблемалар белгіленді:

-«тұрмыстық» жемқорлық;  
-Бюджеттік процестермен сатып алулардың ашық еместігі;

## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес- болашаққа деген сенім

рек. Жемқорлықпен күресті заманауи сапалы, тәсілдер арқылы жүргізіп, түрлі аудиторияларға барынша таратқан жөн» деп үндеген. Онсыз басқа жұмыстың бәрі бекер» екендігін атап өтті. Яғни сыбайлас жемқорлықпен күресте қызметкерлер мен қатар қарапайым халықта қоғам болып күресу керектігі, жемқорлыққа деген сананы көзқарасты өзгертуіміз қажеттігін білдіреді.

Мемлекет басшысының кезекті жолдауын іске асыру

парасатты қоғам қалыптастыру, жемқорлықты азайту, жазаның бұлтартпастығын күшейту, азаматтық қоғамды тарту және тағы басқа маңызды мәселелер қамтылған.

Тұжырымдамадағы басты жаңалықтардың бірі-негізсіз баюға жауапкершілік енгізу, шетелдегі активтерді қайтару, заңды тұлғалардың жемқорлық үшін жауапкершілігін арттыру және «Integrity check»адалдыққа тексеруді енгізу болып саналады.

Ағымдағы жағдайды тал-

-азаматтардың құқықтары мен міндеттерін түсінікті және қолжетімді түсіндіру стандарттарының болмауы;  
-азаматтық қоғаммен сындарлы өзара іс-қимыл тетіктерінің жетілмегендігі. Осы мәселелердің барлығы бізге таныс және шешу үшін қоғам болып, біріге отырып көптеген жұмыстар жасалуы тиіс.

**Мұрагер БИХАН,**  
**Қарақұр ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман заңгері.**

## АЛДЫН АЛУ-МАҢЫЗДЫ

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік

және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттерді бойынша тиісті шара қолдандудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

**Х.ОСПАНОВ,**  
**Созақ аудандық СЭББ басшысы.**

## БЖЗҚ туралы өзекті сауалдар

**БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарынан кесте бойынша берілетін төлемдер: қалай есептеледі, қайда жүгіну керек**

**-Зейнетақы жинақтарынан кесте бойынша берілетін төлемдерге кімдердің құқығы бар?**

-Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексіне (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес, БЖЗҚ-дан бекітілген кесте бойынша ай сайынғы зейнетақы төлемі БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары бар:

1) зейнет жасына толған (ерлер – 63 жас, әйелдер – 61 жас);

2) егер мерзімсіз болып белгіленсе, 1 және 2 топтағы мүгедектігі бар;

3) еңбек жағдайлары зиянды өндірістерде жұмыс істеп, оның пайдасына жиынтығында кемінде 84 күнтізбелік ай бойы міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленгенін растайтын құжатыбар және осы зиянды еңбек жағдайла-

рындағы жұмысын тоқтатқан немесе денсаулыққа кері әсері жоқ басқажұмысқа ауысқан,55 жасқа толған азаматтарға (бұдан әрі - жиынтығында кемінде 84 күнтізбелік ай бойы міндетті кәсіби зейнетақы жарналары төленген 55 жасқа толғандар) беріледі.

**-Кесте бойынша берілетін төлемдер қалай есептеледі?**

-Кесте бойынша берілетін төлемдер былай есептеледі: зейнетақы төлемін ала бастайтын алғашқы жылы зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарының 6,5% төлем мөлшерлемесіне көбейтіліп, 12-ге бөлінеді. Одан кейінгі жылдары ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері зейнетақы төлемдерін индексстеудің 5% мөлшерлемесіне ұлғайып отырады. Бұл ретте БЖЗҚ-дан берілетін ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің (бұдан

әрі-ЕТК) кемінде 70% мөлшерінде жүзеге асырылады (2025 жылы ЕТК деңгейі - 46 228 теңге). Тек 55 жасқа толған және жиынтығында кемінде 84 күнтізбелік ай бойы міндетті кәсіби зейнетақы жарналары төленген азаматтарға берілетін төлемнің есебі басқаша.

Мерзімсіз белгіленген 1 немесе 2 топтағы мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ зиянды және қауіпті өндірістерде жұмыс істеп, зейнет жасына толған, олардың пайдасына жиынтығында кем дегенде 60 ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген адамдар сияқты белгілі бір санаттағы алушылар үшін Әдістемеде ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшерін арттыратын түзету коэффициенттері көзделген. Жоғарыда көрсетілген шарттардың біреуінен артығын қанағаттандыратын адамдар үшін ең үлкен мәнге ие түзету коэффициенті қолданылады.

**«Созақ үні»-ақпарат.**



## Хабарландыру!

ҚР «Әкімшілік қққық бұзушылық туралы кодексінің» (Бұдан әрі-кодекс) 147-бабының 1-тармағына сәйкес, ұйымдық-қққықтық нысандарына қарамастан, ауыл шаруашылығы ұйымдарының, шаруа немесе фермер қожалықтарының, жеке қосалқы шаруашылықтардың егістіктерін, маяларын малдың немесе құстың таптауы, ауыл шаруашылығы дақылдарының алқапта жиналған астығын бүлдіру немесе жою не екпелерін зақымдау – жеке тұлғаларға – жиырма (78 640 теңге), лауазымды адамдарға елу (196 600) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған дәл сол әрекеттер – жеке тұлғаларға – қырық (157280) , лауазымды адамдарға жетпіс (275240 теңге) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Сонымен қатар, Кодекстің 408 –бабының 1-тармағына сәйкес, Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Астананың жергілікті өкілді органдары белгілеген ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын бұзу – үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (11769 теңге), жеке тұлғалардың мүлкіне залал келтіруге әкеп соққан дәл сол әрекет он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (39320 ) айыппұл салуға алып келеді.

Осыған орай, Сіздерге ауылдық округ көшелеріне, саябақтарға егістік пен шабындық және шөп оратын аймаққа малдарыңызды түсірмеу қажеттілігін ескертеміз.

Аталған әкімшілік қққық бұзушылықтар орын алған жағдайда әкімшілік айыппұл салынатынын назарларыңызға жеткіземіз!

**«Созақ ауданының Шолаққорған ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.**

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы «Әкімшілік аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, көшелерге атау беру оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидалары туралы» №138 Қаулысына сәйкес**

Сызған ауылдық округі әкімі аппаратының мәжіліс залында 13 маусым 2025 жылы сағат 11-00-де қоғамдастық жиыны өтетінін хабарлаймыз.

Күн тәртібіндегі мәселе Сызған ауылдық округіне қарасты Сызған елді мекеніндегі атау жоқ көшеге атау беру мәселесі қойылған.

**Б.ЖАППАРҚҰЛОВ.**  
**Ауылдық округ әкімі.**

## Орман алқабында өртке абай болайық

Жер бетін мекен тұтқан барша адамзат баласы болсын, жалпы тіршілік иелері болсын, айналаөздерін қоршаған табиғи ортаға қарыздар. Расында айналамыздағы тау-тас, орман тоғай, аң-құс бір бірлерімен үйлесіп қашанда жер анаға сән беріп тұрады. Сонда да болса ашкөз адамдар тарапынан жіберіліп отырған қорқауға тән зияндылықтар, оңқылдықтар ашкөздік танып жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты рұқсатсыз беталды атып құрту, қолдан өрт тудыру сындықасіреттер табиғат байлықтарына адам қолынан жасалып отырған қылмыс демесе лажымыз жоқ. Қолдан берген өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қияна-тымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі – таза ауа екені баршаға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп – өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне жағдайлар жасасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл бөлсек, өзіміздің табиғат алдындағы адами міндетіміздің іске асырылғаны деп білеміз. Сол себепті ормандарымызды өрттен, сұғанақ қолдардан, қасақана бүлдірушілерден сақтай білейік.

**Дулат ШЕШЕНҚАРАЕВ,**  
**Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің аға орманшының көмекшісі.**

## Хабарландыру

«Казатомпром-SaUran» ЖШС: 1) «Шығыс Мыңқұдық» уран кен орнын өндіру жобасына Өзгертулер және толықтырулар енгізу жобасы» және 2) «Қанжұған уран кен орнын өндіру жобасына Өзгертулер және толықтырулар енгізу» жобалары «Ықтимал әсерлер туралы есеп» бөлімдері бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетіндігі туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау өткізілетін орны мен уақыты, сондай-ақ барлық мүдделі тараптар үшін ZOOM конференциясына онлайн қосылу сілтемесі:

1)18.06.2025 ж. сағат 10:00, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кентінің Мәдениет үйінде: «Шығыс Мыңқұдық» уран кен орнын өндіру жобасына өзгертулер және толықтырулар енгізу жобасы» «Ықтимал әсерлер туралы есеп» бөлімі бойынша, <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09> конференция сәйкестендіргіші: 616 540 8596. Рұқсат коды: 123456.

2)19.06.2025 ж. сағат 10:00, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кентінің Әкімшілік ғимаратында, «Қанжұған» уран кен орнын өндіру жобасына өзгертулер және толықтырулар енгізу жобасы» «Ықтимал әсерлер туралы есеп» бөлімі бойынша, <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>, конференция сәйкестендіргіші: 616 540 8596. Рұқсат коды: 123456.

Жобалар бойынша құжаттама БЭП-ң <https://hearings.ndbecology.gov.kz> және Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтындағы «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Жұртшылық өкілдері жоба материалдарымен танысып, өз ескертулері мен ұсыныстарын, электронды түрде мына сайтта сұрақтар қоя алады; <https://hearings.ndbecology.gov.kz>, немесе e-mail арқылы: [a.erkebaibai@ontustik.gov.kz](mailto:a.erkebaibai@ontustik.gov.kz), қағаз түрінде келесі мекен-жай бойынша бере алады: Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 27 п, ғимараты, 8 (725-33) 5-98-47.

Қоғамдық тыңдаулардың бастамашысы - «Казатомпром-SaUran» ЖШС, БСН 150540001510, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент а/о, Таукент ауылы, «1 ықшамаудан» шағынауданы, 133 үй, 108 пәтер, 8-701-345-6313.

Жоба әзірлеуші: «Два Кей» ЖШС, БСН 031240001366. 050060, Алматы қ., Жароков көш. 314 А үй, 8(727) 339 36 01. [info@2k.kz](mailto:info@2k.kz).

## Объявление

ТОО «Казатомпром-SaUran», сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по «Отчетам о возможных воздействиях»: 1) Изменения и дополнения в Проект разработки месторождения урана «Мынкудук» (участок «Восточный»)» и 2) Изменения и дополнения в Проект разработки месторождения урана «Канжуган». Место и время проведения, а также ссылка на онлайн подключение к конференции ZOOM для всех заинтересованных сторон: 1) По «Отчету о возможных воздействиях по изменению и дополнению в проект разработки месторождения урана «Мынкудук» (участок «Восточный»)» – 18.06.2025г. в 10:00 ч., Туркестанская область, Сузакский район, в Доме Культуры п.Кыземшек,

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>, Идентификатор конференции: 616 540 8596, Код доступа: 123456. 2) По «Отчету о возможных воздействиях по изменению и дополнению в проект разработки месторождения урана «Канжуган»–19.06.2025г., в 10:00 ч., Туркестанская область, Сузакский район, в здании акимата п.Таукент, <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>, Идентификатор конференции: 616 540 8596, Код доступа: 123456.

Документация по проектам размещена на Едином экологическом портале <https://hearings.ndbecology.gov.kz> и на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области, в разделе «Общественные слушания».

Представители общественности могут ознакомиться с материалами проектов, высказать свои замечания и предложения, задать вопросы в электронной форме на <https://hearings.ndbecology.gov.kz> или по e-mail: [a.erkebaibai@ontustik.gov.kz](mailto:a.erkebaibai@ontustik.gov.kz), в бумажной форме по адресу: Туркестанская область, г. Туркестан, проспект Б.Саттарханов д.27п, тел.8(725-33) 5-98-47.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Казатомпром-SaUran», БИН 150540001510, Туркестанская область, Сузакский район, с/о Таукент, село Таукент микрорайон «1 ықшамаудан», дом 133, квартира 108, 8-701-345-6313.

Составитель проектов: ТОО «Два Кей», БИН 031240001366. 050060, г. Алматы, ул. Жарокова 314 «А», Тел: 8 (727) 339 36 01, [info@2k.kz](mailto:info@2k.kz).

## Эхинококкоз ауруының алдын алу

Эхинококкоз – созылмалы ағымымен, ағзаның аллергиясымен және бауырдың, өкпелің және басқа мүшелердің зақымдануымен сипатталатын паразиттік ауру, онда көптеген кистозды түзілістер қалыптасады, бұл мүгедектікке әкелуге немесе асқынған жағдайларда өліммен аяқталуы мүмкін. Адамдар үшін эхинококкоздың негізгі көзі – иттер, ал сирек қасқырлар, түлкілер және шакалдар болып табылады. Адам және ауыл шаруашылығы жануарлары (қой, шошқа, сиыр, жылқы және т.б.) эхинококкоздың аралық иесі қызметін атқарады. Аурудың қоздырғышы-гельминт *Echinococcus granulosus*. Эхинококкоздың арамдылығы оның ұзақ уақыт бойы белгісіз болып 5 жылдан 20 жылға дейін немесе одан да көп уақытқа созылуы мүмкін екендігінде. Эхинококкозды жұқтыру жолдары Адамдар жұқпаны ауырған жануарлармен (иттер, ірі және ұсақ қара мал, жабайы жыртқыштар) байланыс кезінде, жабайы жидектер мен шөптерді жинау және жеген кезінде, теріні өңдеу кезде, гельминт жұмыртқасымен ластанған бұлақтардың немесе су қоймасының суын пайдалану кезінде жұқтырып алуы мүмкін. Иттер эхинококкоз ауруын құрт өсінділерімен

зақымданған жануарлардың ішкі мүшелерін жегенде жұқтырып алады. Аурудың берілу факторлары - лас қолдар, кейде көкөністер, жемістер, жасылдар болып табылады. Эхинококкозды жұқтыру қаупі жоғары топқа ауыл тұрғындары, аңшылар, иттермен байланыста болған адамдар және балалар жатады. Эхинококкозбен зақымдану үй ауласында серуендеу кезінде ауру иттердің жүндеріндегі эхинококкоз құрттарын жұқтырып алған сау иттер арқылы болатынын да ерқашан есте ұстаған жөн. Жеке бас гигиенасы ережесін сақтамаудан паразит жұмыртқасы тағаммен немесе сумен ішке өтеді. Бала итпен немесе эхинококкоз қоздырғыштарымен лас-танған ойыншықтармен ойналған кезде, осы паразиттің жұмыртқасы аузына түсуі мүмкін. Егерде бір бөлмеде

итпен бірге мысық болса, оның жүні де гельминт жұмыртқасымен зақымдануы мүмкін. Эхинококкоздың алдын алуы Эхинококкоздың алдын алу мақсатында Алматы қаласының эпидемиологтары келесі ережелерді сақтауды ұсынады: жеке гигиена ережелерін сақтау; иттермен және кез келген басқа жануарлармен байланыста болған сайын немесе бақшада жұмыс істегеннен, аулада ойнағаннан кейін қолды сабынмен мұқият жуу; балалардың қаңғыбас иттермен ойнауына жол бермеу; ашық су қоймаларынан су ішпеу; тағамға қолданылатын көкөністер мен шөптерді, жидектерді жақсылап жуу; үй иттерін дегельминтизациялауды жүргізу.

**Х.ОСПАНОВ,**  
**Созақ аудандық СЭБ басқармасының басшысы.**

## Хабарландыру!

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2025-2026 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №15 мекен-жайында, 2025 жылдың мамырайының 19 жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

**Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.**



## Акция аясында

Түсіндірме  
жұмыстары жүргізілді

Созақ АПБ ЖПҚБ Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының әйелдерге қарсы зорлық-зомбылыққа жөніндегі полиция майоры Айжан Манапованың ұйымдастырумен Республика көлемінде ағымдағы жылдың 20-сәуір мен 20-маусым аралығында Қазақстан Республи-



касы Ішкі істер министрлігінің тапсырмасына сәйкес Созақ АПБ ЖПҚБ Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының әйелдерге қарсы зорлық-зомбылыққа жөніндегі полиция майоры Айжан Манапова 2025 жылдың 25 сәуір күні аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайында Созақ аудандық Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлеріне «Отбасында зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» республика көлемінде өтіп жатқаны профилактикалық шараның мақсаты туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Профилактикалық шараның мақсаты-қоғамның назарын отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық проблемасына аудару, сыйластық қағидаттарын насихаттау, отбасында бір-біріне жәрдемдесу қағидасын және ішкі істер органдарына қоғамдық сенімді нығайту.

\*\*\*

-Қазақстанда салауатты өмір салтын сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі-бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу.

-«Отбасында зорлық-зомбылықсыз Қазақстан»-бұл зорлық-



зомбылыққа қарсы қоғамдық көзқарасты қалыптастыруға бағытталған маңызды әлеуметтік бастама. Оның негізгі мақсаты-отбасы ішіндегі қауіпсіздік пен сыйластықты нығайту, әр азаматтың құқығы мен қадір-қасиетін қорғау. Осы орайда, «Отбасында зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» акция аясында мектеп парламент мүшелерінің қатысуымен флеш-моб өткізілді.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Шолаққорған ауылына қарасты Балдысу елді мекенінде «Ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі!» тақырыбымен салтанатты жиын өтті. Мерекелік шараға ауыл әкімінің орынбасары Болат Есенқабыл, зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, ауыл тұрғындары қатысты.

Іс-шара Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранымен басталып, одан әрі ауыл әкімінің орынбасары Болат Есенқабыл тұрғындарды айтулы мерекемен құттықтап, Жеңістің маңыздылығына тоқталды.



## Ерлік елге мұра, ұрпаққа өнеге

Ол өз сөзінде Ұлы Отан соғысының ел тарихындағы ардагерлердің ерлігі мен тыл еңбеккерлерінің жанкешті еңбегін ерекше атап өтті. Сонымен қатар, тыл еңбек ардагерлері Маханбетова Дәмеш пен Толдабекұлы Тоқтарбай қарияларға «Тыл ардагері» төс белгісімен марапаттады.

-Бұл күн бейбіт өмірдің бағасын ұғындыратын, ұрпаққа аманат болған ерліктің символы. Жеңісті жақын-

датқан барша қаһармандарға тағзым етеміз,-деді ауыл әкімінің орынбасары.

Салтанатты жиын аясында жастар ұйымдары мен мектеп оқушыларының қатысуымен саптық шеру ұйымдастырылды. Әскери тәртіп пен патриоттық рухты паш еткен шеруде қатысушылар сап түзеп, Отанға деген қызметін білдірді.

Шолаққорған ауылына қарасты Балдысу ауылында Ұлы Жеңістің 80 жылдық

мерей тойына орай ел игілігіне арналған аллеясы салтанатты түрде ашылды. Аллея ауыл тұрғындарының ұйымдастыруымен салынған болатын. Сондай-ақ, осы шараға ат салысқан бір қатар азаматтар алғыс хатпен марапатталды. Шара соңында соғысқа қатысушы бабалардың рухына арнап ас берілді.

**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ.**

## Гіршілеріміз Әлем кубогынан олжалы қайтты

Сүйінші Созақ спортының жанашырлары! Теріскейдің кірдің тасын ұршықша иірген толағайлары ересектер арасында Әлем кубогы менен жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионатынан жүлделі қайтты. Нақты айтар болсам, 2025 жылдың 25-30 сәуір аралығында Өзбекстанның Ханабад қаласында гір спортынан ересектер арасында Әлем кубогі және жасөспірімдер арасында Әлем чемпионаты өтті. Тағы да, теріскейдің толағайлары Түркістан облысының, ҚР-ның атынан Әлем біріншілігіне елімздің намысын арқалап барды. Аты айтып тұрғандай, Әлемнің кіл мықтылары жиналған кубокты иеленіп, чемпион атануға төрткүл дүниенің үздіктері іріктеліп барды. Әдеттегідей, облыс немесе республикада ғана топ жарып жүрмеген жерлес гіршілеріміз бұл жолы да өздерінің Әлемдік деңгейде мықты екендерін кезектірек дәлелдеді. Жарыс нәтижесі бойынша: жасөспірімдер арасында 68 кг салмақта серпе көтеруден Тілеген Өскен 3-орын алды. Ересектер арасында Әлем кубогінде ұзын айналымнан 63 кг салмақта Мақсатұлы Бақыт 1-орын, ал серпе көтеруден 78 кг салмақта Қабылбек Ержан 2-орын, жұлқа көте-



руден Ергешбай Еркебұлан 2-орын иеленді. Ал енді, бұл теріскейлік толағайлардың бапкері Серікбаев Мұрат ағамыз екенін бәріңіз де жақсы білесіздер. Сол, Мұрат Тұрсынбайлы өзінің және жеңімпаз шәкірттерінің атынан Әлем біріншілігіне барып қатысуларына, жоғары нәтиже көрсетулеріне септіктерін тигізген аудан әкімдігіне, Спорт бөліміне, БЖСМ-нің басшылығына және шәкірті Тілеген Өскеннің әкесінің сыныптас достарына алғысын айтып, ризашылығын білдіреді.

**Данияр Құл-АХМЕДУЛЫ.**



Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

Директор:  
**Абилпаттаев Ержан**  
**Бакытжанович**

Бас редактор:  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
Сайлаубекұлы

Жауапты хатшы:  
**Мақсат Қарғабай**

Редакция құрамы:  
Аға тілші-  
**Данияр БЕКОВ**  
Тілшілер-  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайнер-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терімші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**  
Фототілші-  
**Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта  
аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
**3500 дана**

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.